

**ЖШС «Аққайың» балабақшасы меңгеруші жанындағы
2022 оқу жылына арналған кеңес отырысының
хаттамасы № 1**

Жетісай қаласы

05.09.2022 оқу жылы

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру.

1. Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы.
3. Жұмыс уақытысыменен сабақ кестесін құру.
4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу.

Тыңдалды :

1 – мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Абзалова құжаттардың жүйелілігін, реттілігін тексергендігін айтып өтті. Яғни, балабақша тәрбиешілерінің және қызметкерлерінің өздеріне тиісті журнал, іс – қағаздарының, күнделікті сабақ жоспарларының, айлық, жылдық жоспарларының, тәрбиеленушілердің жеке іс - құжаттарын жүйелігін айтты.

2 – мәселе бойынша шаршуашылық меңгерушісі : Б. Асубаев Жаңа оқу жылының басталуына байланысты балабақшамызда үлкен жұмыстар жүргізілді. Әр топтың тазалығы, мүліктерінің сапалылығы, ыдыс, төсек орныдарының жайлылығын ретке келтірдік. Алдымен топтағы жиһаздардың құрамы, орналасуы, бүтіндігі қаралады. Ыдыс – аяқтың толықтығы, сынғандары болса ауыстырылды. Жатын бөлменің жабдықтарын түгендеп, ол бөлменің жарық, жылы болуын қадағаладық. Бүлдіршіндердің ұоқ өту үшін жарықтың түсуіне, гүлдердің көп болуына үлкен мән бердік. Балалардың ойын бөлмелердің де жағдайлары толық қарастырылды. Сондай – ақ ас мәзірінің сапасы, әрі уақытылы берілуін қатаң бақылау жұмыстары жүргізілгендігін айтты.

3 – мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Елубаева . Топтардағы тәрбиешілердің сабақ кестесін, жұмыс уақытын белгілеп бекіттік. Тәрбиешілер қолдарына бекітілген сабақ кестелері бойынша жұмыстарын жүргізеді. Тәрбиешілер күнделікті берілген тапсырманы уақытысында орындайды. Жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарап, уақытысымен келеді.

4 – мәселе бойынша «Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысы жүргізілді», - деді балабақша меңгерушісі А.Абзалова . Балаларға қажетті оқу құралдары түгелденді. Әр топ балалардың денсаулығы, физикалық қасиеттері бақыланды. «Айгөлек» ересек тобының балаларының сабаққа деген қызығушылықтары жақсы. Барлығы қалам ұстауға бейімделген. Оқу құралдарын

дұрыс колдана алады. Шығармашылық дағдыларын ашу оқу іс – әрекеті бойынша балалардың білім деңгейлері анықталды.

Шешімі:

1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру балабақша меңгерушісіне жүктелсін.
2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы балабақша шаруашылығы бөлімінің басшысы жүктелсін.
3. Жұмыс уақытысыменен сабақ кестесін құру құрылды және оқу құжаттардың жүргізілуіне балабақша әдіскері жауапты болып табылсын.
4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу нәтижесі қанағаттанарлық болып табылды.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



А.Абзалова

А.Наушабекова

**ЖШС «Аққайың» балабақшасы меңгеруші жанындағы
2022 оқу жылына арналған кеңес отырысының
хаттамасы № 2**

Жетісай қаласы

14.11.2022 жыл

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

1. Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Шолу тексеру қорытындысы: «Күн тәртібінің орындалуы»
3. «Тыңдалды 25 - қазан Республика күніне арналған «Мен Отанның бақытты ұлымын» атты тәрбие сағаты
«Үйшіктегі күз» дене шынықтыру сауық кешінің жоспарымен танысу, бекіту
4. «Жаңа Жыл жарқын болсын!» ертеңгілік сценаріімен танысу, бекіту

1. Тыңдалды балабақша меңгерушісі А. Абзалова өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына есеп берді. Балабақшада кезекші топтар қалыпты жұмыс жүргізіп отыр. Барлық санитарлық талаптар орындалуда. Топтар керекті дезинфекциялық құралдармен қамтамасыз етілген. Сонымен бірге өткен кеңестегі кемшіліктердің орындалуына тоқталып өтті. Топтарда дене шынықтыру құралдары толықтырылған, кітап бұрыштары жаңартылғанын және ойын атрибуттары біршама толықтырылғанына тоқталды.

2. Тыңдалды балабақша әдіскері Ә. Наушанбекова «Топтардағы күн тәртібінің орындалуы» жедел тексеру қорытындысымен таныстырып өтті. Тексеру мақсаты: топтарда күн тәртібінің талапқа сай орындалуы, кемшіліктерді анықтау, түзету. Тексеру мерзімі: 14.11-21.11.2022 ж.

Жедел тексеру бойынша келесі топтарда күн тәртібінің талапқа сай орындалуына бақылау жүргізілді: «Айгөлек» ересек, «Балдырған» ортағы, «Қарлығаш» кіші. Тексеру бойынша топтарда күн тәртібін орындауда өрескел бұзушылықтар анықталмағанын, таңертеңгі қабылдау, гимнастика талапқа сай жүргізіліп жатқанын, балалар мен тәрбиешілердің қарым-қатынасы жақсы екеніне тоқталды. Дегенмен ұйқы мен серуен кезінде анықталған кемшіліктерге тоқталды. Ұйқыдан тұрғызу кешіктірілгенін, кіші топтарда ерте ұйықтап қалатын балалар болғанын, ұйқыдан біртіндеп тұрғызуда ортаңғы топта кеш ояту жағдайы анықталғанын айтып, балалармен ұйқы ашар жаттығулар мен гигиеналық процедуралардың талапқа сай жүргізілдік керектігін ескертті.

Тәрбиешілер толық келісті

3. Тыңдалды 25 - қазан Республика күніне арналған «Мен Отанның бақытты ұлымын» атты тәрбие сағаты сценаріімен балабақша әдіскері Б. Елубаева таныстырып өтті. Балалардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту. Елін, жерін сүйуге, Отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу. Сценарийде туған елге деген сүйіспеншілігін арттыру, отанын сүйу екенін айтып, туған ел туралы тақпақтар, әндер жобаланғанын айтып өтті.

Тәрбиешілер толық келісім берді.

Сонымен бірге әдіскер балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес салауатты өмір салтын ұйымдастыру бөлімі бойынша «Үйшіктегі күз» дене шынықтыру сауық кешінің жоспарымен таныстырды. Сценарий балалардың бойынан театрлық - ойын қызметіне деген қызығушылық тудыруға, кез келген театрланған қойылымдарда белсенді атсалысып қатысуға бір-біріне көмек қолын созуға және достық қарым-қатынасты тәрбиелеуге жобаланған. Балалардың дене қимылын зияткерлік тапсырмамен араластыра орындауға арналған. Тақпақтар, би қимылдары, ойындар бала жасына сай келетініне тоқталды. Сонымен бірге керекті материалдармен таныстырды.

Қызметкерлер толық келісті.

Меңгеруші толық келісім берді.

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.

3 25 - қазан Республика күніне арналған «**Мен Отанның бақытты ұлымын**» атты ашық оқу қызметі ортаңғы ересек тобында өткізілсін. Мерзімі 24-25.11.2022 ж «Үйшіктегі күз» дене шынықтыру ойын сауығы жоспары бекітілсін. 21.11.2022 ж өткізілсін.

4.«Жаңа Жыл жарқын болсын!» ертеңгілік сценарилері бекітілсін. 28-29-30.12.2022 ж күндері өткізілсін

Хатшысы:

А. Абзалова

Ә. Наушанбекова



**ЖШС «Аққайың» бөбекжай балабақшасының меңгеруші жанындағы
2023 оқу жылындағы кеңес отырысының**

хаттамасы № 3

Жетісай қаласы

04.01.2023 жыл

Қатысқаны: балабақша қызметкерлері

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау.
2. Тәрбиешінің оқу іс – әрекетіне дайындық сапасы.
3. Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу.
4. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыру.

Тыңдалды :

1 – ші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Абзалова топтардағы табиғат бұрышын ұйымдастырылуын бақылады. Ондағы мақсаты топ бүлдіршіндерінің табиғатқа қамқор болуға, гүлдерді аялап баптай білуге баулу. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Балалармен сабақтан тыс уақыттарда табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен гүлдерге күтім жасалынады. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Мысалы, ас әзірлеу, оқу құралдарын тарату, жинау және табиғат бұрышында еңбек ету. Барлық топтарда гүлдерге күтім жасау үшін еңбек құралдары және арнайы киімдері бар. Күніне екі балаладан кезекшілік жасайды. Табиғат бұрышындағы гүлдерді суғару, айналасын сүрту, түбін қопсыту күнделікті кезекшілікпен жүргізілетіндігі айтылды.

2 – ші мәселе бойынша әдіскер Б.Елубаева топтардағы тәрбиешілердің және пән жетекшілерінің күнделікті оқу іс - әрекеті жоспарларының уақыты бекітілетіндігін айтты.

3 – ші мәселе бойынша балабақша медбикесі 2022 – 2023 оқу жылының қаңтар айында әр топ ата – аналарымен кезекті жиналыстарына қатысқандығын айтты. Ондағы мақсаты: ата – аналарға бала тазалығы және кейбір аурулардан сақтану үшін әртүрлі тақырыптарда баяндамалар оқылды. Атап айтатын болсақ, «Тазалық-денсаулық кепілі» тақырыбындағы баяндамасын 4 топқа да оқығандығын айтты. Себебі, күздің алғашқы кездеріндегі суық балаларды ауыртады. Балаларды жылы киіндіріп әкелу, гигиеналық тазалық шараларын сақтау басты назарда болуын ескерте отырып, егер бала ауырған жағдайда бірден бізге ескертіп немесе ауылдық амбулаторияға қаратуларын атап өтті. Сондықтан күз кезінде балаларды тұмаудан ауырмаудың алдын алу шараларын жүргізу керек айтты. Тұмаудан құтқарудың бірден бір жолы вакцина егтіру екендігін, оны жыл сайын егтіру қажет. Өйткені

4 – ші мәселе бойынша күнделікті таңертең келген ата – аналармен, балалармен амандасып, балалардың таңертеңгілік көңіл күйлерін бақылағандығын айтты. «Жылулық шеңбері» арқылы көңіл күйлерін көтеріп және балалардың уақытылы тамақтануын, гигиеналық тазалықтарын қадағалағандығын айтты. Оқу іс – әрекетінде тәрбиешілердің күнделікті жазылатын технологиялық карталарын бекітіп, оқу іс - әрекетіне қажетті құрал –жабдықтарын тексерді. Оқу іс – әрекет процесіне қатысқандығын айтылды. Серуен кезінде балаларды күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылатып, ойын алаңында қызықты ойындар ойнатылғандығын бақыланды. Түскі ас кезінде балалардың дұрыс тамақтанулары қадағаланды. Балаларды тәтті ұйқыға жатқызу кезінде ертегілерді айтқандары бақыланды. Ұйқыдан оянған кезде сергіту жаттығулары, ойындар мен шынықтыру шаралары ұйымдастырылғандығын айтты. Балаларға бесін тамақ берілгеннен кейін, әртүрлі сюжеттік, рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар ойнатылғандықтары бақыланды. Балаларды үйлеріне шығарып салғандарын бақылағандығын айтты.

1. Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау жұмыстар жалғастырылысын.
2. Тәрбиешінің оқу іс – әрекетіне дайындық сапасы жақсарту ай ма ай перспектива мен циклаграмма жасалынсын.
3. Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу бағыттары нақтылансын.
4. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыруға жауапты балабақша медбикесі және әдісері болып табылсын.

Хатшы:



- А.Наушабекова

**ЖШС «Аққайың» балабақшасы меңгеруші жанындағы
2023 оқу жылына арналған кеңес отырысының
хаттамасы № 4**

Жетісай қаласы

03.03.2023 жыл

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Шолу тексеру қорытындысы «Күннің II жартысын өткізу».
3. «Наурыз жұлдыздары» мерекелік ертеңгіліктің сценарімен, «Көктем толы мереке» тәрбие сағаттарының жоспарымен танысу, бекіту
4. «Спорт жұлдыздары» дене шынықтыру ойын сауығы жобасын бекіту

1.Тыңдалды балабақша меңгерушісі А. Абзалова өткен кеңестің шешімдерін орындалғанын айтып, ішінара кемшіліктерті атап өтті. Тәрбиешінің көмекшілері мен медбикеге балабақша ішіндегі санитарлық талаптардың орындалуы қатаң талап етіліп жатқанын ескертті. Қызметкерлердің оны мүлтіксіз орындауы керектігін айтты. Сонымен бірге топ бөлмелерінде тамаққа дейін және кейін үстелді сабынды ыстық сумен жуу, Таңбаланған ыдыстардағы ойыншықтарды өңдеуді күн соңында бір рет ортаңғы және ересек топтарда, ерте жас және кіші топтарда күніне екі рет өткізу керек, ол бірақ толыққанды жүргізілмей жатқанын байқағанын ескертті. Сонымен бірге топтарды және, музыка залын желдету 10 минут, ұйқы алдында жатын бөлмені 30 минут желдету керектігін қайта ескертетінін айтты. Педагогтарға көмекші тәрбиешілерді басқарып, талаптарды толыққанды орындау керектігін қадап айтты.

Сонымен бірге балаларды қызылша немесе грипптің алдын алып қорғау үшін тәрбиешілерге серуендеу ұзақтығын арттыруға, ал жақсы ауа-райында сабақтың бір бөлігін аулада өткізуге кеңес берді. Балалардың киіну-шешінуіне көп уақыт жұмсамау туралы тәрбиешілерге кеңес берді.

2.Тыңдалды балабақша әдіскері Б.Елубаева «Күннің II жартысын өткізу» шолу тексеру қорытындысымен таныстырды. Әдіскер балабақша жұмысының күннің II-жартысын ұйымдастыруда күн тәртібі сақталып жатқанын айтып өтті. Яғни ұйқыдан кейін балалардың көңіл-күйін үйлестіру, ұйқы ашар жаттығулар, денсаулық жолдары жүйелі жасалып жатқанын, бесін тамақтан кейінгі бос уақыттарды жобалау тақырыптары әр алуан екеніне тоқталды. Мысалы ересек топтарда шаруашылық тұрмыстық еңбек: ойыншықтарды тазалау, жөндеу, бұрыштарды тазалау т.с.с жүргізілсе, кіші топтарда театр көрсету, қыстырғыштармен ойындар, мультфильм көру жобаланғанын айтты. Сонымен бірге ертегі тыңдау, бейнелеу бұрышындағы жұмыстар мен балалардың қолын жазуға үйрету, тақпақтарды қайталау ересек топтарда жиі өткізілетінін ескертіп, жұмыс түрлерін түрлендіру керектігін ескертті.

Тәрбиешілер бұл ескертудің орынды айтылғанын мойындап, түзетуге уәде берді. Сонымен бірге әдіскер «Менің анамның мерекесі» ертеңгілігінің өтілуіне тоқталды. Ертеңгілікке балалардың дайындығын және бұл ертеңгілікке ата-аналар да белсенді

• ат салысып балаларына қолдау білдіріп жатқанын атап өтті. Ертеңгілік мазмұны бала жасына сай таңдалған, такпақтар, әндер, билер және сахналық қойылымдар жобаланғанын айтып өтті.

Тәрбиешілер ертеңгілікті безендіруге және балаларға сыйлықтарға керекті заттармен қамтамасыз еткені үшін балабақша әкімшілігіне рахметін айтты.

3. Тыңдалды балабақша музыканты А. Ауезова «Наурыз жұлдыздары» ертеңгілік сценаріімен таныстырып өтті. Мерекелік ертеңгіліктің сценарийлері бала жасына сай жобаланған. Ертеңгілікте сахналау, әндер және билер бала жасына сай таңдалған. Балалардың ертеңгілікке кіруі ұлттық салт дәстүрлер таңғажайып сәттерге негізделіп жобаланған. Музыкант ертеңгілікке керекті құралдар мен залды әсемдеу варианттарын ұсынды. Меңгеруші материалдық жағынан көмек беретінін білдірді. Ертеңгілікті 31.03.2023 өткізуді ұсынды. Меңгеруші толық келісті.

4. «Спорт жұлдыздары» дене шынықтыру ойын сауығы жобасын бекіту бойынша әдіскер Б.Елубаева тыңдалды. Балабақшаның жылдық жоспарында салауатты өмір салтын ұйымдастыру бөлімін орындау мақсатында ортаңғы және ересек топтарда дене шынықтыру ойын сауығы жобаланғанын, онда балалардың дене шынықтыру оқу қызметінде игерген қимылдарын нақтылау мақсатында ойындар жобаланғанын түсіндіріп өтті. Ойындар бала жасына сай жобаланған. Ойын сауыққа керекті құралдар толыққанды дайындалу керектігін ескертті. Тәрбиешілер толыққанды дайындалуға келісім берді.

Шешими:

1. Балабақшада санитарлық талаптар қатаң сақталсын. Балалардың серуендеу уақыты арттырылсын.
2. Күннің II-жартысын ұйымдастыру шолу тексеру қорытындысы бойынша айтылған ескертулер орындалсын. Мерзімі тұрақты.
3. Балабақшадағы ертеңгіліктерді тәрбиешілер мен музыка жетекшілігімен бірлесе жұмыс атқарсын.

«Наурыз жұлдыздары» 31.03.2022 ж өткізілсін. Керекті құралдармен толық қамтамасыз етілсін. Жауапты меңгеруші А. Абзалова

4. «Спорт жұлдыздары» дене шынықтыру ойын сауығы жобасын бекітілсін. Оған жауапты ересек және ортаңғы топ тәрбиешілері Б. Сейіт пен А. Нүрейітке және медбике Г.Бейсеноваға жүктелсін

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



А. Абзалова

Ә. Наушанбекова

**ЖШС «Аққайың» балабақшасы меңгеруші жанындағы
2023 оқу жылына арналған кеңес отырысының
хаттамасы № 5**

Жетісай қаласы

16.05.2023 жыл

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Шолу тексеру: «Балаларды шынық тыру шараларының жүйелі өтілуі және оған арналған құралдар сапасы»
3. «Құлпырған жаздың алғашқы күні» Балалар күніне арналған мерекеліктің іс-шаралар жоспарымен танысу, бекіту
4. МЖББС жаңа бағдарлама және мониторинг негізінде балалардың білім алу дағдыларын анықтау қортынды мониторингін талқылау.

1. Тыңдалды балабақша әдіскері А. Абзалова өткен кеңестің қаулыларының орындалуына тоқталды. Күннің II-жартысын өткізу шолу тексеру бойынша ескертулер толық орындалып жатқанын, балалармен өткізілетін іс шаралар жүйелі жүргізіліп жатқанын айтып өтті.

Сонымен бірге «Спорт жұлдыздары» дене шынықтыру ойын сауығы балабақшада өз дәрежесінде аталып өткенін, қызметкерлер өздерін бекітілген міндеттерін толық орындап, ойын сауықтың өтуіне жақсы атсалысқанын айтып өтті. Сонымен бірге балалар қатысуы да белсенді болғанын, қуана қатысқанын айтып, тәрбиешілерге ризашылық білдірді.

Сонымен бірге «Менің анамның мерекесі» ертеңгілігінің өтілуіне тоқталды. Ересек пен ортаңғы топтарда мерекелік ойын сауықтың өткізілу сапасы қанағаттанарлық, мерекелік ертеңгілік балалардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін сәйкес келетінін, ертеңгілікте жеке және хор ән айту, ойындар мен тосын сәттер жақсы жобаланған, балалардың ән орындауы таза, көтеріңкі көңіл күйде. Ертеңгілікте қыздарды сыйлау, өзара жағымды қарым қатынасқа тәрбиелеу мақсаты орындалды.

Ортаңғы «Балдырған» тобында ертеңгілікте балаларға қолайлы эмоциялық және психологиялық жағдай жасалған, балалар әндерді орындауы таза, әнді бірге бастап, аяқтай алады, такпақтарды 50% бала интонацияны сақтап айта алды. Тәрбиеші сценерий мазмұнын жаттап алған. Ертеңгілік бөлімдерін бірінен соң бірін ауыстыруында кедергілер болған жоқ. Ертеңгілік балаларға эмоционалды көңіл күй сыйлады. Ертеңгілік өтілуі қанағаттанарлық деп бағалады.

Сонымен бірге «Наурыз жұлдыздары» ертеңгілігі балабақшада талапқа сай өткізілгенін, балаларды туган елін, дәстүрін сыйлау бағдарлама талانتарына сай өткізілгенін айтып өтті. Наурыз айындағы ертеңгілікке келе алмаған ата-аналарға ватсап желісі арқылы көрсетілгенін, ата-аналар кері байланысқа шығып өз алғыстарын білдіргенін айтып, ата-аналармен жұмысты жандандыруға кеңес берді.

Тәрбиешілер қуана келісті.

2. Тыңдалды балабақша әдіскері Б.Елубаева «Балаларды шынықтыру шараларының жүйелі өтілуі және оған арналған құралдар сапасы» шолу тексеру қорытындысымен таныстырды. Топтарда балалардың денсаулығын нығайту, шынықтыру шараларының жүйелі жүргізіліп жатқанын, санитарлық талаптар сақталатынына тоқталды. Топтарда балаларды таза ауада қабылдау, топтарды желдету. Ұйқыдан кейін денсаулық жолдарымен жүру, таңертеңгілік гимнастиканың өтілулері қанағаттанарлық екеніне тоқталды. Дегенмен балаларды молынан жуындыру, нүктелі массаж, фитонцидтер (пияз, сарымсақ), жалпақтабандылық аз жобаланатынын

ескертті. Топтарда шынықтыруға арналған құралдар түрлері аз, бала санына жеткіліксіз екенін айтып, шынықтыру құралдарының дәстүрлі, дәстүрден тыс құралдарын көбейтуді ұсынды. Тәрбиешілер толық келісім берді.

3.Тыңдалды балабақша музыканты А. Ауезова «Құлпырған жаздың алғашқы күні» Балалар күніне арналған мерекеліктің іс-шаралар жоспарымен таныстырды.Мерекелік кеш ойындар, сюрприз сәттерге толы жобаланған. 1 маусым балаларды қорғау күні барлық баланың қатысуымен мерекелік іс-шара өткізгісі келетінін мәлімдеді. Меңгеруші келісім берді.

Тыңдалды «Қош бол балабақша» ертеңгілік сценаріімен А. Ауезова таныстырып өтті.Ертеңгілік балалардың жылдар бойы алған білімдері негізделіп жобаланған.Балаларға өскен ұясын сыйлауға, үлкендердің еңбегін құрметтеуге, білімдерін ортаға көрсете білуге,туған өлкесін, Отанды сыйлауға білім беруге негізделген сценарий құрылғанын, балаларға естелік сыйлық жасауға меңгерушіден көмек керек екенін айтып өтті.

Меңгеруші ертеңгілік сценаріін бекітіп, қаржылай көмек беруге келісім берді.

4.Тыңдалды балабақша әдіскері Б. МЖББС жаңа бағдарлама және мониторинг негізінде балалардың білім алу дағдыларын анықтау қортындысы жасалғанын айтты. Биылғы жылдың мониторингінің нәтижесі қанағаттанарлық деп танылды. Ортаңғы және кіші топтарда деңгейі төмен балалармен жұмыс жасалу керектігін ескертті. Тәрбиешілер толық келісім берді.

Шешімі:

- 1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Балаларды шынық тыру шараларының жүйелі өтілуі және оған арналған құралдар сапасы» шолу тексеру қорытындысы бойынша айтылған ескерту мен ұсыныстар орындалсын. Мерзімі- 01.06.2023ж дейін. Жауапты тәрбиешілер.
3. «Құлпырған жаздың алғашқы күні» балаларды қорғау күніне арналған сценарий бекітілсін. Балаларға арналған сыйлықтар мен керекті материалдармен қамтамасыз етілсін.жауапты шаруа меңгерушісі
4. «Біз мектепке барамыз» балаларды шығарып салу ертеңгілік сценарий бекітілсін. Ертеңгілік 30.05.2023 ж өткізілсін. Балаларға арналған естелік сыйлықтарға қаржылай көмек меңгеруші А. Абзалова жүктелсін.
- Балабақшадағы мерекелік іс шаралар ата-аналардың қатысуымен өткізілсін.
- 4.Балабақша бойынша балалардың білімдері мен дағдыларының даму мониторинг көрсеткіші- 48,2% .

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



А. Абзалова

Ә. Наушанбекова